

КОПБАЛИНА САЛТАНАТ СЕРИКОВНА

**Жойылатын воронка тәрізді облыста жылу өткізгіштіктің шеттік
есептерін шешу**

8D05401 – Математика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер
физика-математика ғылымдарының докторы,
профессор
Рамазанов М.И.

физика-математика ғылымдарының докторы,
профессор
Дженалиев М.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші
физика-математика ғылымдарының докторы,
профессор
Псху А.В.
(Ресей)

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 БҰРЫШТЫҚ ЖОЙЫЛАТЫН ОБЛЫСТАҒЫ МОДЕЛЬДІК ЕКІ ӨЛШЕМДІ ПАРАБОЛАЛЫҚ ЕСЕП	26
1.1 Есептің қойылымы.....	26
1.2 (1.1.3)-(1.1.5) шеттік есептің шешімін жылу потенциалдарының көмегімен беру.....	29
1.3 (1.1.3)-(1.1.5) шеттік есепті Вольтерр типті сингулярлық интегралдық теңдеуге келтіру.....	32
1.4 Сипаттамалық интегралдық теңдеуді шешу.....	38
1.5 Біртекті сипаттамалық теңдеуді шешу.....	40
1.6 Біртектісіз сипаттамалық интегралдық теңдеуді шешу. Резольвентаны құру.....	43
1.7 Сипаттамалық теңдеуді шешу.....	46
1.8 Бастапқы интегралдық теңдеуді шешу. Карлеман-Векуа регуляризация әдісі.....	47
1.9 (1.1.3)-(1.1.5) шеттік есептің шешімі.....	49
2 УАҚЫТТЫҢ БАСТАПҚЫ СӘТІНДЕ НҮКТЕГЕ ДЕЙІН ЖОЙЫЛАТЫН КАНОНДЫҚ ЕМЕС ОБЛЫСТАҒЫ ПАРАБОЛАЛЫҚ ЕСЕП	52
2.1 Есептің қойылымы.....	52
2.2 (2.1.3)-(2.1.5) шеттік есептің шешімін жылу потенциалдарының көмегімен беру.....	55
2.3 (2.1.3)-(2.1.5) шеттік есепті Вольтерр типті сингулярлық интегралдық теңдеуге түрлендіру.....	58
2.4 (2.3.2) сингулярлық интегралдық теңдеудің ерекшеліктері туралы.....	63
2.5 Сипаттамалық сингулярлық интегралдық теңдеу.....	69
2.6 Сипаттамалық теңдеуді шешу.....	74
2.7 Сипаттамалық теңдеудің шешімімен (2.4.1) интегралдық теңдеуді регуляризациялау.....	76
2.7.1 Реттелген теңдеудің резольвентасы мен ядросын бағалау.....	77
2.8 (2.1.3)-(2.1.5) шеттік есептің шешімі.....	80
ҚОРЫТЫНДЫ	86
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	87

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

\mathbb{R}^n	– n -өлшемді кеңістік, $\mathbb{R}^n = \{-\infty < x_k < \infty; k = 1, 2, \dots, n\}$
\mathbb{C}	– комплекс сандар жиыны
G	– Грин функциясы
$\text{Im}[A]$	– A комплекс өлшемінің жалған бөлігі
$\text{Re}[A]$	– A комплекс өлшемінің нақты бөлігі
r, φ	– полярлық координаталар, $r = \sqrt{x^2 + y^2}$
x, y	– кеңістік айнымалылар
t	– уақытша айнымалы ($t \geq 0$)
$u(x, t)$	– ізделініп отырған функция, математикалық физика теңдеуінің (есемінің) шешуі
$L_2(\Omega)$	– Ω облысында квадратта қосылатын функциялар кеңістігі (кластар)
$L_\infty(\Omega)$	– Ω облысында айтарлықтай шектеулі функциялар кеңістігі (кластар)
$C(\Omega)$	– Ω облысында үздіксіз функциялар кеңістігі
$M(\Omega)$	– $M(\Omega) = L_\infty(\Omega) \cap C(\Omega)$
$f \doteq F$	– Лаплас түрлендіруінің f функция-түпнұсқасы және оның бейнесі $F, f(t) \doteq F(p) = L[f(t)] = \hat{f}(p) = \int_0^\infty f(t)e^{-pt} dt$
$\Gamma(z)$	– Эйлердің гамма-функциясы
$B(x, y)$	– Бета-функция
$\text{erf } z$	– ықтималдылықтар аралығы, $\text{erf } z = \frac{2}{\sqrt{\pi}} \int_0^z \exp(-x^2) dx$
$\text{erfc } z$	– ықтималдылықтардың қосымша интегралы, $\text{erfc } z = \frac{2}{\sqrt{\pi}} \int_z^\infty \exp(-x^2) dx$
$\text{Ei}(z)$	– интегралдық көрсеткіштік функция
$J_\nu(z)$	– I текті цилиндрлік функция (функция Бесселя)
$N_\nu(z)$	– II текті цилиндрлік функция (функция Неймана)
$H_\nu^{(1)}(z)$	– I текті Ганкель функциясы
$H_\nu^{(2)}(z)$	– II текті Ганкель функциясы;
$I_\nu(z)$	– I текті Бесселдің модифицирленген функциясы
$K_\nu(z)$	– II текті Бесселдің модифицирленген функциясы (Макдональд функциясы)
$I_{\nu-1, \nu}(z)$	– $(\nu - 1)$ және ν дәрежедегі I текті Бесселдің модифицирленген функциясы мәндерінің айырымы, $I_{\nu-1, \nu}(z) = I_{\nu-1}(z) - I_\nu(z)$

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Диссертацияда жойылатын воронка тәрізді облыста жылу өткізгіштің шеттік есептері қарастырылады. Бұл есептердің ерекшелігі – шекаралық шарттардың жылжымалы шекарада берілетіндігінде. Бұл факт айнымалыларды бөлу, интегралдық түрлендіру және басқа да белгілі классикалық әдістерді қолдануға мүмкіндік бермейді.

Диссертациялық жұмыста жалпыланған жылу потенциалдары түріндегі есептер шешімдерінің интегралды көріністері алынды, олар зерттелетін есептерді сәйкес арнайы (сингулярлық) интегралдық теңдеулердің шешіміне келтіруге мүмкіндік берді. Қарастырылған шеттік есептерді Вольтерр типті сингулярлық интегралдық теңдеуге келтіру сұрақтары зерттелген. Интегралдық теңдеулерге сәйкес келетін сипаттамалық теңдеулер құрылып, олардың шешілу сұрақтарын зерттеу үшін резольвентасы мен ядросына бағалау жүргізілген. Ал сәйкес бастапқы интегралдық теңдеулер эквивалентті регуляризация әдісі – Карлеман-Векуа әдісімен шешілді. Екінші типтегі Вольтерр сингулярлық интегралдық теңдеулерінің шешімдерін және шешімдердің құрастырылған интегралдық көріністерін қолдана отырып, бастапқы шеттік есептердің шешімдері алынды.


Зерттеу жұмысының өзектілігі.

Уақытқа байланысты қозғалмалы шекаралары бар аймақтардағы әртүрлі типтегі теңдеулерге арналған бастапқы шеттік есептер теориясындағы алғашқы нәтижелер М. Gevrey [1], А. Browne [2], Е. Holmgren [3], И.Г. Петровский [4] авторларының жұмыстарында жарияланған. Бұл жұмыстарда уақытқа байланысты өзгеретін шекаралары бар облыстардағы кеңістіктік айнымалы бойынша әртүрлі бір өлшемді аралас параболалық есептердің шешілу мәселелері зерттелінген. В.Ш. Михайлов [5, 6], С.Г. Крейн және Г.И. Лаптев [7], В.И. Ушаков [8], Р.Д. Алиев [9-11], В.В. Курт және А.Е. Шишков [12, 13], М.О. Орынбасаров [14], Ю.А. Алхутов [15], Э.М. Карташов [16, 17], Dal Passo R., Ughi M. [18] және басқа математиктер цилиндрлік емес облыстардағы параболалық теңдеулер үшін бастапқы шеттік есептерді одан әрі дамытты. Сондай-ақ, қозғалмалы шекарасы бар жылу өткізгіштік есептері Л.И. Камынин [19-21], В.Ш. Михайлов [22, 23], М.Я. Антимирова, З.И. Геллер [24], М.И. Дубовис [25], Д.В. Редозубов [26], Г.А. Гринберг [27, 28], В.И. Квалвассер, Я.Ф. Рутнер [29] жұмыстарында қарастырылған.

Соңғы уақытта заманауи контакт техникасының қарқынды дамуына және электр аппараттарының жоғары жылдамдықпен жұмыс істеуіне байланысты контакт жүйесінің температуралық өрісін неғұрлым сенімді өлшеу өзекті мәселеге айналып отыр. Сонымен қатар, оның уақытқа байланысты өзгеру динамикасын зерттеу де маңызды болып табылады. Бұл ретте, жоғары тоқты контакттерінің температуралық өрісін зерттеу кезінде контакт алаңының өлшемдерінің өзгеруін ескеру қажет, себебі бұл өзгерістер электродинамикалық

күштердің әсерінен және жоғары температураларда контакт материалының балқуына байланысты орын алады.

Электродтар ажыратылған кезде, контакт бетінде балқу температурасына дейін қызу жүреді және олардың арасында сұйық металл көпіршесі пайда болады. Ары қарай ажырату барысында бұл көпірше екі бөлікке бөлініп, бір электродтан екіншісіне контакт материалын тасымалдау жүзеге асады, яғни көпіршелі эрозия құбылысы орын алады (1-сурет). Бұл өз кезегінде электр құрылғыларының қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін [30-35].



Сурет 1 – Контактілердің ажыратылуы

Көпіршенің жылуфизикалық қасиеттерін модельдей отырып, С.Н. Харин контактінің ажыратылуының бастапқы сәтінде шешім облысы болмайтын шеттік есепке келді [36]. Бұл шеттік есептің интегралдық теңдеуіне әсер етті. Интегралдық теңдеудің Пикар жуықтау тізбегі жинақталмайтын болып шықты. Математикалық тұрғыдан алғанда, қарастырылып отырған есептің ерекшелігі қозғалмалы шекараның болуы және уақыттың бастапқы сәтінде шешім облысының жойылуы. Бұл ерекшелік және оның зерттеуінің кейбір нәтижелері [37] жұмыста қарастырылған.

Мұндай түрдегі жылу есептерін шешу үшін жалпыланған жылу потенциалдарын қолдану және бастапқы шеттік есепті Вольтерр типті сингулярлық интегралдық теңдеуге келтіру қажет. Математикалық тұрғыдан алғанда, қарастырылып отырған есептердің ерекшелігі: біріншіден, шешімі ізделетін облыстың шекарасы қозғалыста болып табылады, екіншіден, бастапқы уақыт мезетінде контактілер жабық күйде болады және есепті шешу облысы нүктеге дейін жойылады [38-50].

Сондай-ақ, байланыс техникасын пайдалану көлемінің үнемі артуына байланысты байланыс материалдарының параметрлерін және олардың жұмыс режимдерін тиімді таңдау мәселелері өзекті болып табылады. Сондықтан электрлік контактілерде болатын жылуфизикалық процестерді зерттеу автоматикада, аспап жасауда, дәнекерлеу техникасында, электр жабдықтарында және байланыс элементтері негізгі құраушылардың бірі болып табылатын әртүрлі құрылғыларда өте маңызды [51-53]. Практикалық қосымшаларда да, теориялық тұрғыдан да уақыттың бастапқы сәтінде жойылатын облыстардағы жылу өткізгіштіктің шеттік есептері ерекше қызығушылық тудырады. Жалпы

жағдайда есептердің бұл түріне математикалық физиканың классикалық әдістері қолданылмайды, өйткені жылу өткізгіштік теңдеуінің шешімін жылуды тасымалдау облысы шекарасының қозғалысымен үйлестіру мүмкін емес. Сондықтан уақыттың бастапқы сәтінде жойылатын облыстардағы шеттік есептерді зерттеу мәселесі өзекті болып табылады. Диссертациялық зерттеуде жылжымалы шекаралық шарттары бар жойылатын облыстардағы жылу өткізгіштік теңдеулері үшін жаңа шекаралық есептер шешу қарастырылатын болады. Қарастырылып отырған есептердің ерекшеліктері екінші текті Вольтерр типіндегі сингулярлық интегралдық теңдеулердің шешілу мәселелерін зерттеуге әкеледі.

Мұндай сингулярлық интегралдық теңдеулер Е.И. Ким, С.Н. Харин, Ю.Р. Шпади, М.Ө. Өтелбаев, Т.Е. Омаров, А.А. Кавокин, М.Т. Дженалиев, Г.И. Бижанова, М.И. Рамазанов, У.К. Койлышов, С.П. Городничев, С.А. Искаков, М.Т. Космакова, Н.К. Гульманов, А.О. Танин және басқа авторлардың жұмыстарында зерттелінген. Белгілі бір үлес кеңістігіндегі интегралдық теңдеулердің осы түрінің бір мәнді шешілу мәселелері [54-58] жұмыстарында зерттелгенін атап өткен дұрыс, онда шешімдердің үлес функциясының теңдеудің оң жағындағы үлес функцияларына тәуелділігі табылды. Осыған ұқсас интегралдық теңдеулерді, атап айтқанда, сәйкес интегралдық операторлардың спектрлік мәселелерін зерттеу [59-65] жұмыстарда да жүргізілген.

Жұмыстың мақсаты. Зерттеудің негізгі мақсаты – уақыттың бастапқы сәтінде жойылатын облыстардағы жылжымалы шеттік шарттары бар жылу өткізгіштік теңдеулері үшін шеттік есептерді шешу мәселелері; екінші текті Вольтерр типіндегі сингулярлық интегралдық теңдеулерді шешуді зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

– уақыттың бастапқы сәтінде жойылатын облыстағы екі өлшемді параболалық есепті шешу үшін жылжымалы шеттік шарттары бар жаңа шеттік есептің қойылымы;

– берілген функциялар және есептердің шешімдер кеңістігін сипаттау;

– бастапқы есептерді түрлендіру;

– шеттік есептерді Вольтерр типті сингулярлық интегралдық теңдеуге келтіру;

– сипаттамалық интегралдық теңдеулерін құрып, оларды шешу;

– резольвентасы мен ядросына бағалау жүргізіп, зерттеу;

– эквивалентті регуляризация әдісімен бастапқы интегралдық теңдеулерді шешу;

– бастапқы шеттік есептерді шешу.

Зерттеудің жалпы әдістері. Дербес туындылы теңдеулердің жалпы теориясының әдістері, дифференциалдық теңдеулердің жалпы теориясының және функционалдық талдаудың әдістері, Лаплас және Фурье интегралдық түрлендірулер әдістері, арнайы функциялар және комплекс айнымалылы функциялар қолданылады.

Ғылыми жаңалығы. Жұмыста уақыттың бастапқы сәтінде жойылатын облыстардағы екі өлшемді параболалық есепті шешу үшін жылжымалы шеттік шарттары бар жаңа шеттік есептердің қойылымы беріліп, оларды шешу жолдары зерттелінді.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы. Жұмыс барысында алынған нәтижелер теориялық сипатқа ие және уақытқа байланысты қозғалмалы шекаралары бар облыстардағы параболалық теңдеулер үшін шеттік есептер теориясының дамуына елеулі үлес қосады, сондай-ақ Вольтерр типті интегралдық теңдеулер теориясында да маңызды орын алады. Жұмыс жоғарғы оқу орындарында математика бойынша арнайы курстарды оқытуда қолданылуы мүмкін.

Қорғауға шығарылатын негізгі нәтижелер.

1) уақыттың бастапқы сәтінде жойылатын қозғалмалы шекаралары бар облыстардағы жылу өткізгіштік теңдеулері үшін шекаралық шарттары бар жаңа шеттік есептердің шешімі;

2) есептерді Вольтерр типті сингулярлық интегралдық теңдеуге түрлендіру;

3) сипаттамалық интегралдық теңдеулерді құру;

4) резольвентасын құру және ядросын бағалау;

5) бастапқы интегралдық теңдеулерді эквивалентті регуляризация әдісімен шешу;

6) берілген шеттік есептердің шешілу теоремалары.

Жүргізілген зерттеулердің дұрыстығы мен негізділігі. Жұмыста қолданылған әдістердің конструктивтілігі зерттеудің сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етеді. Жалпы тұжырымдар теоремалар түрінде құрылған және олардың дәлелдеулері берілген.

Жарияланымдар. Диссертацияның негізгі нәтижелері 10 жұмыста [66-75] жарияланды. Оның ішінде 3 мақала Web of Science Core Collection және Scopus базасына кіретін журналдарда, 7 тезис халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында.

1. Solution of a two-dimensional parabolic model problem in a degenerate angular domain // Bulletin of the Karaganda University. Mathematics Series. – 2023. – №3(111). – P. 91-108 (Scopus, процентиль 53).

2. Solution of a Singular Integral Equation of Volterra Type of the Second Kind // Lobachevskii Journal of Mathematics – Kazan Federal University. – 2024. – Vol. 45. – P. 5898–5906 (Scopus, процентиль 57).

3. Solution of the model problem of heat conduction with Bessel operator // Bulletin of the Karaganda University. Mathematics Series. – 2025. – №1(117). – P. 71-80 (Web of Science (ESCI Q2), Scopus, процентиль - 53).

Халықаралық конференциялар материалдарындағы жарияланымдар:

1. О Псевдо-Вольтерровом интегральном уравнении // Материалы международной научно-практической конференции «Тенденция развития современной математики и ее обучения в условиях цифровизации образования» (Шымкент, 2023. – С. 94-97).

2. К решению двумерной параболической задачи в вырождающейся области // Материалы международной научно-практической конференции «Анализ, дифференциальные уравнения и их приложения» посвященная 100-летию со дня рождения члена-корреспондента АН КазССР, доктора физико-математических наук, профессора Тулеубай Идрисовича Аманова (Астана, 2023. – С. 102-103).

3. Solution of a parabolic problem in an evolving degenerate domain // Abstracts of the VII World Congress of Turkic World Mathematicians (TWMS Congress-2023), (Turkestan, 2023. – P. 92).

4. Параболическое уравнение в неканонической вырождающейся области // Материалы VII международной научной конференции «Нелокальные краевые задачи и родственные проблемы математической биологии, информатики и физики» (Нальчик, 2023. – С. 238).

5. Параболическая задача в области, вырождающейся в точку по закону $x = t^\alpha, \alpha > \frac{1}{2}$ // Традиционная международная апрельская математическая конференция в честь Дня науки РК (Алматы, 2024. – С. 170-171).

6. Parabolic problem in a non-canonical domain degenerating to a point at the initial moment of time // Abstracts of the XI International conference «Modern problems of mathematics and mechanics» dedicated to the memory of a genius Azerbaijani scientist and thinker Nasiraddin Tusi (Baku, 2024. – P. 187-190).

7. Решение граничной задачи теплопроводности в неканонической вырождающейся области // Материалы международной научной конференции «Неклассические уравнения математической физики и их приложения» посвященной 90 летию со дня рождения академика Т.Д. Джураева (Ташкент, 2024. – С. 214).

Бірлескен авторлармен орындалған жұмыстарда әр бірлескен автордың үлесі тең.

Алынған нәтижелерді апробациялау. Диссертацияның негізгі нәтижелері келесі конференциялар мен семинарларда дәлелденді және талқыланды:

1. «Қазіргі математиканың даму тенденциясы және оны білім беруді цифрландыру жағдайында оқыту» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (27-28 сәуір 2023 жыл, академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы).

2. Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, ф.-м.ғ.д., профессор Т.И. Амановтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Анализ, дифференциальные уравнения и их приложения» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (22-23 маусым 2023 жыл, М.В. Ломоносов атындағы ММУ Қазақстандық филиалы, Астана қ., Қазақстан Республикасы).

3. Түркі әлемі математиктерінің VII Дүниежүзілік Конгресі (20-23 қыркүйек 2023 жыл, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы).

4. «Нелокальные краевые задачи и родственные проблемы математической биологии, информатики и физики» VII халықаралық ғылыми

конференциясы (4-8 желтоқсан 2023 жыл, РҒА КБҒО Қолданбалы математика және автоматтандыру институты, Нальчик қ., РФ).

5. Дәстүрлі халықаралық сәуір конференциясы (16-19 сәуір 2024 жыл, ҚР ҒЖБМ ҒК Математика және математикалық модельдеу институты, Алматы қ. Қазақстан Республикасы).

6. Әзербайжан ғалымы мен ойшылы Насириддин Тусиді еске алуға арналған «Modern problems of mathematics and mechanics» XI халықаралық конференциясы (3-6 шілде 2024 жыл, Баку қ., Азербайжан).

7. «Неклассические уравнения математической физики и их приложения» халықаралық ғылыми конференциясы (24-26 қазан 2024 жыл, Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, Ташкент қ., Өзбекстан Республикасы).

8. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Қолданбалы математика институтының семинарында.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі. Ғылыми кеңесшілермен және қосалқы авторлармен бірлесіп жазылған 10 жұмыста ғылыми кеңесшілер есептің қойылымын ұсынды, ал докторант негізгі және көмекші нәтижелерді өз бетінше тұжырымдап, оларды дәлелдеді.

Диссертация құрылымы мен көлемі. 91 беттік диссертациялық жұмыс келесі құрылымдық элементтерден тұрады: кіріспе, екі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі. Математикалық тұжырымдар (теоремалар, леммалар, ескертулер) және формулалардың нөмірленуі үш таңбалы: бірінші сан тарау, екінші сан бөлім нөмірін, ал үшінші сан математикалық тұжырымдар мен формулалардың өзіндік нөмірін білдіреді.

Жұмыстың қысқаша мазмұны

Кіріспе жойылатын воронка тәрізді және жылжымалы шекарасы бар облыстарда параболалық теңдеулер үшін шекаралық есептер теориясының қазіргі жағдайын бағалауды, тақырыпты әзірлеу үшін бастапқы деректерді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігінің негіздемесін қамтиды. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, мақсаттары, объектісі мен пәні, зерттеу міндеттері көрсетілген, қорғауға ұсынылған әдіснамалық қоры мен ережелер көрсетілген.

Бірінші бөлімде шекарасы уақыттың өзгеруімен жаңаратын және есептің шешімінің облысы уақыттың бастапқы сәтінде болмайтын, яғни нүктеге дейін жойылатын жылу өткізгіштіктің модельдік шеттік есебі зерттеледі. Бұл есептің шешімі ізделетін аймақтың шекарасы $\sqrt{x^2 + y^2} = t$ заңына сәйкес қозғалатын жағдай зерттеледі. Берілген есепті шешу үшін жылу потенциалдары әдісі қолданылады, бұл оны екінші текті сингулярлық Вольтерр типті интегралдық теңдеуге келтіруге мүмкіндік береді. Алынған интегралдық теңдеудің ерекшелігі – ол классикалық Вольтерр типті интегралдық теңдеулерінен түбегейлі ерекшеленеді, өйткені оған Пикар әдісі қолданылмайды және сәйкес біртекті интегралдық теңдеудің нөлдік емес шешімі бар.

Есептің қойылымы. Бүйір беті $\Gamma = \{(x, y, t) | \sqrt{x^2 + y^2} = t, t > 0\}$ болатын $Q = \{(x, y, t) | \sqrt{x^2 + y^2} < t, t > 0\}$ конусындағы кеңістіктік айнымалылар бойынша екі өлшемді шеттік есеп қарастырылады:

$$\frac{\partial u}{\partial t} = a^2 \left(\frac{\partial^2 u}{\partial x^2} + \frac{\partial^2 u}{\partial y^2} \right) - a^2 \beta \left(\frac{1}{x} \cdot \frac{\partial u}{\partial x} + \frac{1}{y} \cdot \frac{\partial u}{\partial y} \right), \quad (0.1)$$

$$u(x, y, t)|_{\Gamma} = g(x, y, t), \quad (0.2)$$


мұнда $0 < \beta < 1$, $g(x, y, t)$ – берілген функция. Q облысындағы (0.1) теңдеуді және (0.2) шеттік шартты қанағаттандыратын $u(x, y, t)$ функциясын табу керек.

(0.1)-(0.2) есебінде цилиндрлік координаттарға ауыса отырып, $Q = \{(r, t) | 0 < r < t, t > 0\}$ облысында (2-сурет) келесі шеттік есепті аламыз:

$$\frac{\partial u}{\partial t} = a^2 \cdot \frac{1 - 2\beta}{r} \cdot \frac{\partial u}{\partial r} + a^2 \cdot \frac{\partial^2 u}{\partial r^2}, \quad 0 < \beta < 1, \quad (0.3)$$

$$u(r, t)|_{r=0} = g_1(t), \quad t > 0 \quad (0.4)$$

$$u(r, t)|_{r=t} = g_2(t), \quad t > 0. \quad (0.5)$$



Сурет 2 – Q облысы

(0.3)-(0.5) есептің шешімін қос қабатты жылу потенциалдарының қосындысы түрінде іздейміз:

$$u(r, t) = \int_0^t \left\{ \frac{r^\beta \tau^{1-\beta} (r - \tau)}{4a^4 (t - \tau)^2} \exp \left[-\frac{(r - \tau)^2}{4a^2 (t - \tau)} \right] \exp \left[-\frac{r\tau}{2a^2 (t - \tau)} \right] I_\beta \left(\frac{r\tau}{2a^2 (t - \tau)} \right) \right.$$

$$\begin{aligned}
& + \frac{r^{\beta+1}\tau^{1-\beta}}{4a^4(t-\tau)^2} \exp\left[-\frac{(r-\tau)^2}{4a^2(t-\tau)}\right] \exp\left[-\frac{r\tau}{2a^2(t-\tau)}\right] I_{\beta-1,\beta}\left(\frac{r\tau}{2a^2(t-\tau)}\right) + \\
& + \frac{r^\beta(1-2\beta)}{2a^2(t-\tau)\tau^\beta} \exp\left[-\frac{(r-\tau)^2}{4a^2(t-\tau)}\right] \exp\left[-\frac{r\tau}{2a^2(t-\tau)}\right] \cdot I_\beta\left(\frac{r\tau}{2a^2(t-\tau)}\right) \Big\} \mu(\tau) d\tau \\
& + \int_0^t \frac{1}{(2a^2)^{\beta+1}} \cdot \frac{r^{2\beta}}{2^\beta(t-\tau)^{\beta+1}} \cdot \frac{1}{\beta\Gamma(\beta)} \cdot \exp\left[-\frac{r^2}{4a^2(t-\tau)}\right] \cdot \nu(\tau) d\tau, \quad (0.6)
\end{aligned}$$

мұнда $I_\beta(z)$ – бірінші текті β ретті Бессельдің модификацияланған функциясы (Инфельд функциясы).

(0.6)-ші теңдікпен анықталатын $u(r, t)$ функциясы үшін (0.4)-(0.5) шеттік шарттарының қанағаттануын талап ете отырып, (0.3)-(0.6) шеттік есебі Вольтерр типті сингулярлық интегралдық теңдеуге келтіріледі:

$$\begin{aligned}
\mu(t) - \int_0^t & \left\{ \frac{t^\beta(1-2\beta)}{(t-\tau)\tau^\beta} \cdot e^{-\frac{t-\tau}{4a^2}} \cdot e^{-\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}} \cdot I_\beta\left(\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}\right) + \right. \\
& + \frac{t^{\beta+1}\tau^{1-\beta}}{2a^2(t-\tau)^2} \cdot e^{-\frac{t-\tau}{4a^2}} \cdot e^{-\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}} \cdot I_{\beta-1,\beta}\left(\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}\right) + \\
& \left. + \frac{t^\beta\tau^{1-\beta}}{2a^2(t-\tau)} \cdot e^{-\frac{t-\tau}{4a^2}} \cdot e^{-\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}} \cdot I_\beta\left(\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}\right) \right\} \mu(\tau) d\tau = F(t). \quad (0.7)
\end{aligned}$$

мұнда

$$I_{\beta-1,\beta}(z) = I_{\beta-1}(z) - I_\beta(z),$$

$$F(t) = -2a^2 g_2(t) + 2a^2 \widetilde{g}_1(t, t).$$

$t^{1-\beta} \cdot e^{\frac{t}{4a^2}} \mu(t) = \mu_1(t)$, $t^{1-\beta} \cdot e^{\frac{t}{4a^2}} F(t) = F_1(t)$ белгілеулерін енгізе отырып:

$$\mu_1(t) - \int_0^t N(t, \tau) \mu_1(\tau) d\tau = F_1(t), \quad (0.8)$$

мұнда:

$$\begin{aligned}
N(t, \tau) &= \sum_{i=1}^2 N_i(t, \tau), \\
N_1(t, \tau) &= \frac{t(1-2\beta)}{\tau(t-\tau)} \exp\left[-\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}\right] \cdot I_\beta\left(\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}\right) +
\end{aligned}$$

$$+ \frac{t^2}{2a^2(t-\tau)^2} \exp\left[-\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}\right] I_{\beta-1,\beta}\left(\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}\right), \quad (0.9)$$

$$N_2(t, \tau) = \frac{t}{2a^2(t-\tau)} \exp\left[-\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}\right] I_{\beta}\left(\frac{t\tau}{2a^2(t-\tau)}\right). \quad (0.10)$$

Бұл интегралдық теңдеудің ерекшелігі келесі ескертуден туындайды.

Ескерту 1. (0.7) интегралдық теңдеудің ядросы үшін келесі теңдік орындалады:

$$\lim_{t \rightarrow 0} \int_0^t N(t, \tau) d\tau = \frac{1-\beta}{\beta},$$

және $\forall t > 0, \forall \beta \in (0; 1)$:

$$\int_0^t N_1(t, \tau) d\tau = \frac{1-\beta}{\beta}, \quad \lim_{t \rightarrow 0} \int_0^t N_2(t, \tau) d\tau = 0. \quad (0.11)$$

Соңғы екі теңдікті дәлелдеу үшін келесі лемманы қолданамыз.

Лемма 1. Егер $\beta > 0$ болса, онда барлық $z \in (0; +\infty)$ мәндері үшін келесі теңсіздік дұрыс болады:

$$|I_{\beta-1}(z) - I_{\beta}(z)| \cdot e^{-z} < D \cdot \frac{z^{\beta-1}}{(1+z)^{\frac{1}{2}+\beta}},$$

мұнда $D = const$, және келесі теңдік әділ:

$$\int_0^{\infty} e^{-z} \{I_{\beta-1}(z) - I_{\beta}(z)\} dz = 1.$$

Келесі сипаттамалық интегралдық теңдеуді зерттейміз:

$$\mu_1(t) - \int_0^t N_1(t, \tau) \mu_1(\tau) d\tau = \Phi(t). \quad (0.12)$$

Ескерту 2. 1-ші ескертуден келесі тұжырым шығады: $\frac{1}{2} < \beta < 1$, $(0 < \frac{1-\beta}{\beta} < 1)$ болғанда (0.12) интегралдық теңдеуінің елеулі шектелген

функциялар класында тізбектеп жуықтау әдісімен табуға болатын жалғыз шешімі бар.

1-ші ескертуден $0 < \beta \leq \frac{1}{2}$ болғанда

$$\frac{1 - \beta}{\beta} \geq 1$$

екенін аламыз, сондықтан (0.12) теңдеуі шынымен де (0.7) теңдеудің сипаттамалық теңдеуі болады.

t, τ айнымалыларының орнына x, y жаңа айнымалылар енгіземіз:

$$t = \frac{1}{y}, \quad \tau = \frac{1}{x}; \quad \mu_1(t) = \mu_1\left(\frac{1}{y}\right) = \mu_2(y), \quad \Phi(t) = \Phi\left(\frac{1}{y}\right) = \Phi_1(y) \quad (0.13)$$

онда (0.12)-ші теңдеу белгісіз $\mu_2(y)$ функциясына қатысты алғанда келесі интегралдық теңдеуге келтіріледі:

$$\mu_2(y) - \int_y^{\infty} M_-(y-x) \mu_2(x) dx = \Phi_1(y), \quad (0.14)$$

мұнда

$$M_-(y-x) = \frac{1-2\beta}{x-y} \cdot \exp\left(-\frac{1}{2a^2(x-y)}\right) \cdot I_{\beta}\left(\frac{1}{2a^2(x-y)}\right) + \frac{1}{2a^2(x-y)^2} \cdot \exp\left(-\frac{1}{2a^2(x-y)}\right) \cdot I_{\beta-1,\beta}\left(\frac{1}{2a^2(x-y)}\right).$$

Ескерту 3. Егер (0.12)-ші теңдеудің шешімі табылатын болса, онда (0.7)-ші теңдеудің шешімін сипаттамалық теңдеуді регуляризация әдісімен шешу арқылы аламыз.

(0.14)-шы теңдеу екінші типтегі Вольтерр теңдеулерінен түбегейлі ерекшеленеді, олар үшін шешім бар және жалғыз. Сәйкес келесі біртекті теңдеуді шешу жалпы жағдайда тривиальды емес болуы да мүмкін:

$$\mu_2(y) - \int_y^{\infty} M_-(y-x) \mu_2(x) dx = 0, \quad (0.15)$$

(0.15)-ші интегралдық теңдеудің меншікті функциялары p параметріне қатысты алғанда келесі трансценденттік теңдеудің [76] түбірлерімен анықталады:

$$\widehat{M}_-(-p) = \int_0^{\infty} M_-(z) \cdot e^{pz} dz = 1, \quad \operatorname{Re} p < 0$$

Лаплас түрлендіруін (0.15) теңдеуге қолдана отырып алатынымыз:

$$\widehat{\mu}_2(p) \cdot [1 - \widehat{M}_-(-p)] = 0, \quad \operatorname{Re} p < 0.$$

Онда (0.13)-ші бұрынғы айнымалыларға қайта оралып, (0.12)-ші теңдеуге сәйкес келетін біртекті интегралдық теңдеудің $0 < \beta < \frac{1}{2}$ болғанда меншікті функциясының бар екендігін аламыз:

$$\mu^{(0)}(t) = C \cdot \frac{1}{t^{1-\beta}} \cdot e^{\frac{p_0 - t}{4a^2}}, \quad p_0 < 0, \quad C = \text{const.}$$

Ескерту 4. $0 < \beta < \frac{1}{2}$ болғанда $\forall t \in (0, \infty)$ үшін $\mu^{(0)}(t)$ меншікті функциясы шектелген. Сәйкесінше $\beta = \frac{1}{2}$ болғанда меншікті функцияның түрі келесідей болады:

$$\mu^{(0)}(t) = C \cdot \frac{1}{\sqrt{t}} \cdot e^{-\frac{t}{4a^2}}, \quad C = \text{const.}$$

Модельдік шешімдер әдісін қолдана отырып [76, p. 561] (0.14) теңдеудің келесі шешімін аламыз:

$$\varphi_1(y) = \frac{1}{2\pi i} \int_{\sigma-i\infty}^{\sigma+i\infty} \frac{\widehat{\Phi}_1(p)}{1 - \widehat{M}_-(-p)} dp = \Phi_1(y) + \frac{1}{2\pi i} \int_{\sigma-i\infty}^{\sigma+i\infty} \widehat{R}_-(-p) \widehat{\Phi}_1(p) e^{pz} dp,$$

мұнда

$$\begin{aligned} \widehat{\Phi}_1(p) &= \int_0^{\infty} \Phi_1(y) e^{-py} dy, \quad \widehat{R}_-(-p) = \frac{\widehat{M}_-(-p)}{1 - \widehat{M}_-(-p)}, \quad \operatorname{Re} p < 0; \\ \widehat{M}_-(-p) &= 1 + 2I_\beta \left(\frac{\sqrt{-p}}{a} \right) \left[(1 - 2\beta) K_\beta \left(\frac{\sqrt{-p}}{a} \right) - \frac{\sqrt{-p}}{a} K_{\beta-1} \left(\frac{\sqrt{-p}}{a} \right) \right], \\ &\operatorname{Re} p < 0. \end{aligned}$$

Егер $\widehat{R}_-(-p) \doteq R_-(y)$ болса, онда (0.14) теңдеудің шешімі келесі түрде болады:

$$\varphi_1(y) = \Phi_1(y) + \frac{1}{2\pi i} \int_y^{\infty} R_-(y-x)\Phi_1(x)dx. \quad (0.16)$$

$R_-(y)$ резольвентасын табу үшін оның бейнесін келесі түрде жазамыз:

$$\widehat{R}_-\left(\frac{\sqrt{-p}}{a}\right) = \frac{1 - 2I_\beta\left(\frac{\sqrt{-p}}{a}\right) \left[\frac{\sqrt{-p}}{a} K_{\beta-1}\left(\frac{\sqrt{-p}}{a}\right) - (1 - 2\beta)K_\beta\left(\frac{\sqrt{-p}}{a}\right) \right]}{2I_\beta\left(\frac{\sqrt{-p}}{a}\right) \left[\frac{\sqrt{-p}}{a} K_{\beta-1}\left(\frac{\sqrt{-p}}{a}\right) - (1 - 2\beta)K_\beta\left(\frac{\sqrt{-p}}{a}\right) \right]}, \operatorname{Re} p < 0$$

және [77] қасиеттерін қолданамыз:

1. Егер $\varphi(t) \doteq \widehat{\varphi}(p)$ болса, онда

$$\varphi(\alpha t) \doteq \frac{1}{\alpha} \widehat{\varphi}\left(\frac{p}{\alpha}\right), \alpha > 0.$$

2. Егер $\widehat{\varphi}(p) \doteq \varphi(t)$ болса, онда

$$\widehat{\varphi}(\sqrt{p}) = \frac{1}{2\sqrt{\pi}} \cdot \frac{1}{t^{\frac{3}{2}}} \int_0^{\infty} \tau \cdot e^{-\tau^2} \varphi(\tau) d\tau.$$

Осылайша $0 < \beta < \frac{1}{2}$ болғанда алатынымыз:

$$R_-^*(y) = \sum_{k \in \mathbb{Z} \setminus \{0\}} \frac{e^{-z_k y}}{2I_{\beta-1}(z_k) [z_k K_{\beta-1}(z_k) - (1 - 2\beta)K_\beta(z_k)]} + \frac{e^{-z_0 y}}{2I_\beta(z_0) K_{\beta-1}(z_0) \left[1 - \frac{1}{1-2\beta} z_0^2 \right]}. \quad (0.17)$$

(0.17) теңдігінен, сондай-ақ бейненің 1. және 2. қасиеттерінен:

$$\widehat{R}_-\left(\frac{\sqrt{-p}}{a}\right) \doteq R_-(y) = \frac{a^2}{2\sqrt{\pi}y^{\frac{3}{2}}} \cdot \sum_{k \in \mathbb{Z} \setminus \{0\}} A_{\beta,k} \cdot \int_0^{\infty} x e^{-\frac{x^2}{4y} - ia^2 \alpha_k x} dx + \frac{a^2}{2\sqrt{\pi}y^{\frac{3}{2}}} \cdot A_{\beta,0} \cdot \int_0^{\infty} x e^{-\frac{x^2}{4y} - z_0 a^2 x} dx.$$

Лемма 2. $R_-(y)$ резольвента үшін келесі бағалау орындалады:

$$R_-(y) \leq \frac{A}{\sqrt{y}}$$

Төмендегі теңдеудің шешімі

$$\mu_2(y) - \int_y^\infty M_-(y-x) \mu_2(x) dx = \Phi_1(y),$$

$0 < \beta < \frac{1}{2}$ болғанда келесі түрде болады:

$$\mu_2(y) = \Phi_1(y) + \int_y^\infty R_-(x-y) \Phi_1(x) dx + C e^{p_0 y},$$

Ескі айнымалыларға орала отырып, (0.16) сипаттамалық теңдеудің шешімін табамыз:

$$\mu_1(t) = t \cdot \Phi_2(t) + \int_0^t \tilde{R}(t, \tau) \cdot \Phi_2(\tau) d\tau + C e^{\frac{p_0}{t}}, \quad (0.18)$$

мұнда

$$\tilde{R}(t, \tau) \leq C \cdot \frac{\sqrt{t}}{\sqrt{\tau} \cdot \sqrt{t - \tau}}$$

Теорема 1. Кез келген $t^{-\beta} e^{\frac{t}{4a^2}} \cdot F(t) \in L_\infty(0, \infty)$ ($0 < \beta < \frac{1}{2}$) функциясы үшін (0.7)-ші бастапқы интегралдық теңдеудің

$$t^{-\beta} \exp\left[\frac{t}{4a^2}\right] \mu(t) \in L_\infty(0, \infty), \quad \left(0 < \beta < \frac{1}{2}\right)$$

функциялар класында жалғыз ғана шешімі бар болады, ол тізбектеп жуықтау әдісімен табылады.

Бірінші бөлімнің негізгі нәтижесін тұжырымдайық.

Теорема 2. Егер $g_1(t) \in L_\infty(0, \infty)$, $t^{-\beta} g_2(t) \in L_\infty(0, \infty)$ ($0 < \beta < \frac{1}{2}$) шарттары орындалса, онда (0.3)-(0.5) шеттік есептің шешімі $u(r, t) \in L_\infty(G)$ және келесі формула арқылы анықталады:

$$u(r, t) = \sum_{i=1}^3 u_i(r, t) + \widetilde{g}_1(r, t),$$

мұнда

$$u_1(r, t) = \int_0^t \frac{r^\beta \tau^{1-\beta} (r - \tau)}{4a^4 (t - \tau)^2} \cdot e^{-\frac{(r-\tau)^2}{4a^2(t-\tau)}} \cdot e^{-\frac{r\tau}{2a^2(t-\tau)}} \cdot I_\beta \left(\frac{r\tau}{2a^2(t-\tau)} \right) \mu(\tau) d\tau,$$

$$u_2(r, t) = \int_0^t \frac{r^{\beta+1} \tau^{1-\beta}}{4a^4 (t - \tau)^2} \cdot e^{-\frac{(r-\tau)^2}{4a^2(t-\tau)}} \cdot e^{-\frac{r\tau}{2a^2(t-\tau)}} \cdot I_{\beta-1, \beta} \left(\frac{r\tau}{2a^2(t-\tau)} \right) \mu(\tau) d\tau,$$

$$u_3(r, t) = \int_0^t \frac{r^\beta (1 - 2\beta)}{2a^2 (t - \tau) \tau^\beta} \cdot e^{-\frac{(r-\tau)^2}{4a^2(t-\tau)}} \cdot e^{-\frac{r\tau}{2a^2(t-\tau)}} \cdot I_\beta \left(\frac{r\tau}{2a^2(t-\tau)} \right) \mu(\tau) d\tau,$$

$$\widetilde{g}_1(r, t) = \frac{1}{(2a^2)^\beta} \cdot \frac{1}{2^\beta} \cdot \frac{1}{\Gamma(\beta)} \int_0^t \frac{r^{2\beta}}{(t - \tau)^{\beta+1}} \cdot \exp \left[-\frac{r^2}{4a^2(t - \tau)} \right] \cdot g_1(\tau) d\tau.$$

$$\mu(t) = \mu_{\text{part}}(t) + C\mu_{\text{hom}}(t).$$

Екінші бөлімде канондық емес облыстағы жылу өткізгіштіктің екі өлшемді теңдеуі үшін шекарасы $x = t^\omega$, $\omega > \frac{1}{2}$ дәрежелік заңдылық бойынша өзгеретін шеттік есеп зерттеледі. Есептің шешімдер облысы уақыттың бастапқы сәтінде болмайды, яғни ол нүктеге дейін жойылады.

Есептің қойылымы. $\Gamma = \left\{ (x, y, t) \mid \sqrt{x^2 + y^2} = t^\omega, t > 0, \omega > \frac{1}{2} \right\}$ бүйір бетімен берілген $Q = \left\{ (x, y, t) \mid \sqrt{x^2 + y^2} < t^\omega, t > 0, \omega > \frac{1}{2} \right\}$ облысында келесі теңдеу үшін шеттік есеп қарастырылады:

$$\frac{\partial u}{\partial t} = a^2 \left(\frac{\partial^2 u}{\partial x^2} + \frac{\partial^2 u}{\partial y^2} \right) - a^2 \beta \left(\frac{1}{x} \cdot \frac{\partial u}{\partial x} + \frac{1}{y} \cdot \frac{\partial u}{\partial y} \right) + f(x, y, t) \quad (0.19)$$

$$u(x, y, t)|_\Gamma = g(x, y, t) \quad (0.20)$$


мұнда $g(x, y, t)$ – берілген функция, $0 < \beta < 1$.

(0.19)-(0.20) есебінде цилиндрлік координаттарға ауысып, $Q = \left\{ (r, t) \mid 0 < r < t^\omega, t > 0, \omega > \frac{1}{2} \right\}$ облысында (3-сурет) келесі шеттік есепті аламыз:

$$\frac{\partial u}{\partial t} = a^2 \cdot \frac{1 - 2\beta}{r} \cdot \frac{\partial u}{\partial r} + a^2 \cdot \frac{\partial^2 u}{\partial r^2}, \quad (0.21)$$

$$u(r, t)|_{r=0} = g_1(t), \quad t > 0 \quad (0.22)$$

$$u(r, t)|_{r=t^\omega} = g_2(t), \quad t > 0. \quad (0.23)$$



Сурет 3 – Q облысы

(0.21)-(0.23) есебінің шешімін қос қабатты жылу потенциалдарының қосындысы түрінде іздейміз:

$$\begin{aligned}
 u(r, t) = & \\
 = & \int_0^t \left\{ \frac{r^\beta \tau^{\omega(1-\beta)} (r - \tau^\omega)}{4a^4(t - \tau)^2} \exp \left[-\frac{(r - \tau^\omega)^2}{4a^2(t - \tau)} \right] \exp \left[-\frac{r\tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right] I_\beta \left(\frac{r\tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right) + \right. \\
 & + \frac{r^{\beta+1} \tau^{\omega(1-\beta)}}{4a^4(t - \tau)^2} \exp \left[-\frac{(r - \tau^\omega)^2}{4a^2(t - \tau)} \right] \exp \left[-\frac{r\tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right] I_{\beta-1, \beta} \left(\frac{r\tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right) + \\
 & \left. + \frac{r^\beta (1 - 2\beta)}{2a^2(t - \tau) \tau^{\omega\beta}} \exp \left[-\frac{(r - \tau^\omega)^2}{4a^2(t - \tau)} \right] \exp \left[-\frac{r\tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right] \cdot I_\beta \left(\frac{r\tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right) \right\} \mu(\tau) d\tau \\
 & + \int_0^t \frac{1}{(2a^2)^{\beta+1}} \cdot \frac{r^{2\beta}}{2^\beta (t - \tau)^{\beta+1}} \cdot \frac{1}{\beta \Gamma(\beta)} \cdot \exp \left[-\frac{r^2}{4a^2(t - \tau)} \right] \cdot \nu(\tau) d\tau, \quad (0.24)
 \end{aligned}$$

мұнда $I_\beta(z)$ – бірінші текті β ретті Бессельдің модификацияланған функциясы.

(0.24)-ші теңдікпен анықталатын $u(r, t)$ функциясы үшін (0.22)-(0.23) шеттік шарттарының қанағаттануын талап ете отырып, (0.21)-(0.24) шеттік есебі Вольтерр типті сингулярлық интегралдық теңдеуге келтіріледі:

$\mu(t)$ –

$$\begin{aligned}
& - \int_0^t \left\{ \frac{t^{\omega\beta} \tau^{\omega(1-\beta)} (t^\omega - \tau^\omega)}{2a^2(t-\tau)^2} \exp \left[-\frac{(t^\omega - \tau^\omega)^2}{4a^2(t-\tau)} \right] \exp \left[-\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right] I_\beta \left(\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right) \right. \\
& + \frac{t^{\omega(\beta+1)} \tau^{\omega(1-\beta)}}{2a^2(t-\tau)^2} \exp \left[-\frac{(t^\omega - \tau^\omega)^2}{4a^2(t-\tau)} \right] \exp \left[-\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right] I_{\beta-1, \beta} \left(\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right) + \\
& \left. + \frac{t^{\omega\beta} (1-2\beta)}{(t-\tau) \tau^{\omega\beta}} \exp \left[-\frac{(t^\omega - \tau^\omega)^2}{4a^2(t-\tau)} \right] \exp \left[-\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right] \cdot I_\beta \left(\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right) \right\} \mu(\tau) d\tau \\
& = f(t). \quad (0.25)
\end{aligned}$$

мұнда

$$I_{\beta-1, \beta}(z) = I_{\beta-1}(z) - I_\beta(z),$$

$$f(t) = -2a^2 g_2(t) + 2a^2 \widetilde{g}_1(t^\omega, t).$$

(0.25)-ші бастапқы интегралдық теңдеуді зерттеу үшін, жаңа $\mu_1(t)$ функциясын енгіземіз:

$$\mu_1(t) = t^{\omega(1-\beta)} \cdot \mu(t),$$

онда келесі теңдеуді аламыз:

$$\mu_1(t) - \int_0^t \sum_{i=1}^3 N_{i\omega}(t, \tau) \cdot \exp \left[-\frac{(t^\omega - \tau^\omega)^2}{4a^2(t-\tau)} \right] \mu_1(\tau) d\tau = t^{\omega(1-\beta)} \cdot f(t), \quad (0.26)$$

мұнда

$$\begin{aligned}
N_{1\omega}(t, \tau) &= \frac{(1-2\beta)t^\omega}{(t-\tau)\tau^\omega} \exp \left[-\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right] \cdot I_\beta \left(\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right), \\
N_{2\omega}(t, \tau) &= \frac{t^{2\omega}}{2a^2(t-\tau)^2} \exp \left[-\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right] I_{\beta-1, \beta} \left(\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right), \\
N_{3\omega}(t, \tau) &= \frac{t^\omega (t^\omega - \tau^\omega)}{2a^2(t-\tau)^2} \exp \left[-\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right] I_\beta \left(\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t-\tau)} \right).
\end{aligned}$$

Ескерту 5. Кез келген $\omega > \frac{1}{2}$, $0 < \beta < \frac{1}{2}$ мәндері үшін келесі теңдіктер ақиқат:

$$\lim_{t \rightarrow 0} \int_0^t \{N_{1\omega}(t, \tau) + N_{2\omega}(t, \tau)\} d\tau = \frac{1-\beta}{\beta}, \quad \lim_{t \rightarrow 0} \int_0^t N_{3\omega}(t, \tau) d\tau = 0.$$

$\frac{1}{2} < \omega < 1$ болғанда

$$\int_0^t N_{3\omega}(t, \tau) d\tau \leq C(a, \omega) \cdot t^{\frac{2\omega-1}{2}}.$$

Ескерту 6. 5-ші ескертуден келесі тұжырым шығады: $\frac{1}{2} < \beta < 1$ болғанда (0.25) интегральдық теңдеуінің елеулі шектелген функциялар класында тізбектеп жуықтау әдісімен табуға болатын жалғыз шешімі бар. $0 < \beta < \frac{1}{2}$ болғанда берілген теңдеу сингулярлы болады және оған тізбектеп жуықтау әдісі қолданылмайды.

Сондықтан біз $0 < \beta < \frac{1}{2}$ болғандағы жағдайды қарастырамыз және (0.25) сингулярлық интегральдық теңдеудің шешімін табу үшін сәйкес сипаттамалық теңдеуді құрамыз:

$$\mu_1(t) - \int_0^t \sum_{i=1}^2 N_{ih}(t, \tau) \cdot e^{-\frac{(2\omega-1)(t^{2\omega-1}-\tau^{2\omega-1})}{4a^2}} \mu_1(\tau) d\tau = q(t), \quad (0.27)$$

мұнда

$$\begin{aligned} N_{1h}(t, \tau) &= \\ &= \frac{(1-2\beta)(2\omega-1)t^{2\omega-1}}{(t^{2\omega-1}-\tau^{2\omega-1})\tau} e^{-\frac{(2\omega-1)t^{2\omega-1}-\tau^{2\omega-1}}{2a^2(t^{2\omega-1}-\tau^{2\omega-1})}} I_{\beta} \left(\frac{(2\omega-1) \cdot t^{2\omega-1} \tau^{2\omega-1}}{2a^2(t^{2\omega-1}-\tau^{2\omega-1})} \right), \\ N_{2h}(t, \tau) &= \\ &= \frac{(2\omega-1)^2 t^{4\omega-2} \tau^{2\omega-2}}{2a^2(t^{2\omega-1}-\tau^{2\omega-1})^2} e^{-\frac{(2\omega-1)t^{2\omega-1}-\tau^{2\omega-1}}{2a^2(t^{2\omega-1}-\tau^{2\omega-1})}} I_{\beta-1, \beta} \left(\frac{(2\omega-1) \cdot t^{2\omega-1} \tau^{2\omega-1}}{2a^2(t^{2\omega-1}-\tau^{2\omega-1})} \right). \end{aligned}$$

(0.27)-ші теңдеу (0.26)-ші теңдеу үшін шынымен де сипаттамалық теңдеу болатыны келесі ескерту мен теоремадан шығады.

Ескерту 7. $\omega > \frac{1}{2}, 0 < \beta < \frac{1}{2}$ кез келген мәні үшін келесі теңдіктер ақиқат болады:

$$\lim_{t \rightarrow 0} \int_0^t \{N_{1h}(t, \tau) + N_{2h}(t, \tau)\} d\tau = \frac{1-\beta}{\beta}.$$

Теорема 3. Егер $\omega > \frac{1}{2}, 0 < \beta < \frac{1}{2}$ болса, онда келесі теңсіздік әділ болады:

$$|(P_{1\omega} + P_{2\omega}) - (P_{1h} + P_{2h})| \leq C_1(\omega, \beta) |\omega - 1| \cdot \frac{t^{(\beta+1)\omega-1} \cdot \tau^{(\beta-1)\omega}}{(t - \tau)^\beta} \cdot e^{-\frac{(t^\omega - \tau^\omega)^2}{4a^2(t-\tau)}}.$$

Келесі белгілеулерді енгіземіз:

$$P_{i\omega}(t, \tau) = N_{i\omega}(t, \tau) \cdot e^{-Q_\omega(t, \tau)}, \quad P_{ih}(t, \tau) = N_{ih}(t, \tau) \cdot e^{-Q_h(t, \tau)}, \quad i = 1, 2.$$

мұнда

$$Q_\omega(t, \tau) = \frac{(t^\omega - \tau^\omega)^2}{4a^2(t - \tau)}, \quad Q_h(t, \tau) = \frac{(2\omega - 1) \cdot (t^{2\omega-1} - \tau^{2\omega-1})}{4a^2}.$$

Теореманы дәлелдеу үшін келесі леммалардың дұрыс екендігі көрсетілді.

Лемма 3. Егер $\omega > 1$, $0 < \beta < \frac{1}{2}$ болса, онда

$$Q_h(t, \tau) \geq Q_\omega(t, \tau), \quad \text{яғни} \quad e^{-Q_h(t, \tau)} \leq e^{-Q_\omega(t, \tau)},$$

теңсіздігі орындалады. Егер $\frac{1}{2} < \omega < 1$, $0 < \beta < \frac{1}{2}$ болса, онда

$$Q_h(t, \tau) \leq Q_\omega(t, \tau), \quad \text{яғни} \quad e^{-Q_h(t, \tau)} \geq e^{-Q_\omega(t, \tau)}$$

теңсіздігі орындалады.

Лемма 4. Егер $\omega > \frac{1}{2}$, $0 < \beta < \frac{1}{2}$ болса, онда

$$|N_{1\omega} - N_{1h}| \leq C_i(\omega, \beta) |\omega - 1| \cdot \frac{t^{(\beta+1)\omega-1} \cdot \tau^{(\beta-1)\omega}}{(t - \tau)^\beta} \cdot e^{-Q_\omega(t, \tau)}$$

теңсіздігі орындалады.

Лемма 5. Егер $\omega > \frac{1}{2}$, $0 < \beta < \frac{1}{2}$ болса, онда:

$$|P_{2\omega}(t, \tau) - P_{2h}(t, \tau)| \leq C_2(\omega, \beta) \cdot \frac{t^{(\beta+1)\omega} \cdot \tau^{(\beta-1)\omega}}{(t - \tau)^\beta} \cdot e^{-Q_\omega(t, \tau)}$$

теңсіздігі орындалады.

Ескерту 8. $\frac{1}{2} < \omega < 1$ болғанда ω параметрінің мәні үшін осы теңсіздіктерде $N_{i\omega}$ және N_{ih} ($i = 1, 2$) функцияларының рөлдерін сәйкесінше ауыстырған жеткілікті.

$$t_1 = \left[\frac{1}{2\omega - 1} \cdot t \right]^{\frac{1}{2\omega-1}}, \quad \tau_1 = \left[\frac{1}{2\omega - 1} \cdot \tau \right]^{\frac{1}{2\omega-1}}.$$

ауыстыруларын қолдана отырып (0.26) сипаттамалық теңдеудің шешімі келесі түрде болады:

$$\mu_{1h}(t) = F_h(t) + \int_0^t R_h(t, \tau) F_h(\tau) d\tau + C \mu_{1h}^{(0)}(t), \quad (0.28)$$

мұнда $R(t, \tau)$ резольвентаның келесі бағалауы бар:

$$R_h(t, \tau) \leq C_1(\omega, \beta) \frac{t^{(2\omega-1)(1-(\beta-\varepsilon))} \cdot \tau_1^{-(2\omega-1)-(\beta-\varepsilon)}}{(t - \tau_1)^{1-(\beta-\varepsilon)}}, \quad 0 < \varepsilon < \beta$$

$$\mu_{1h}^{(0)}(t) = C \cdot \exp\left(-\frac{p_0(\beta)}{(2\omega - 1)t^{2\omega-1}}\right), \quad p_0(\beta) > 0.$$

Сипаттамалық теңдеудің шешімімен (0.26) интегралдық теңдеуге регуляризация жүргіземіз. Ол үшін (0.26) теңдеуді келесі түрде жазамыз:

$$\mu_1(t) - \int_0^t \left\{ \sum_{i=1}^3 P_{i\omega}(t, \tau) \right\} \mu_1(\tau) d\tau = f_1(t), \quad (0.29)$$

$$P_{3\omega}(t, \tau) = N_{3\omega}(t, \tau) \cdot e^{-Q_\omega(t, \tau)}.$$

Бұл теңдеуді сипаттамалық теңдеудің шешімі арқылы регуляризациялайық:

$$\mu_1(t) - \int_0^t \left\{ \sum_{i=1}^2 P_{ih}(t, \tau) \right\} \mu_1(\tau) d\tau =$$

$$= f(t) + \int_0^t \left\{ \sum_{i=1}^2 [P_{i\omega}(t, \tau) - P_{ih}(t, \tau)] + P_{3\omega}(t, \tau) \right\} \mu_1(\tau) d\tau.$$

Оң жағы белгілі деп есептеп, оның шешімін жазамыз және жаңа интегралдық теңдеу аламыз:

$$\mathbb{K}_r \mu_1 \equiv \mu_1(t) - \int_0^t K(t, \tau) \mu_1(\tau) d\tau = f_{1r}(t), \quad (0.30)$$

мұнда

$$K(t, \tau) = \sum_{i=1}^2 [P_{i\omega}(t, \tau) - P_{ih}(t, \tau)] + P_{3\omega}(t, \tau) +$$

$$+ \int_{\tau}^t R_h(t, \tau_1) \left\{ \sum_{i=1}^2 [P_{i\omega}(\tau_1, \tau) - P_{ih}(\tau_1, \tau)] + P_{3\omega}(\tau_1, \tau) \right\} d\tau_1,$$

$$f_{1r}(t) = \int_0^t R_h(t, \tau_1) f_1(\tau_1) d\tau_1 + f_1(t) + C\mu_{1h}^{(0)}(t),$$

$R_h(t, \tau_1)$ резольвентаның бағалауы келесідей болады:

$$R_h(t, \tau_1) \leq C_1(\omega, \beta, \gamma) \frac{t^{(2\omega-1)(1-\beta+\varepsilon)} \cdot \tau_1^{-(2\omega-1)-(\beta-\varepsilon)}}{(t - \tau_1)^{1-\beta+\varepsilon}}$$

мұнда $0 < \varepsilon < \beta$, $0 < \beta < \frac{1}{2}$.

(0.29) интегралдық теңдеуді тізбектеп жуықтау әдісімен шешуге болатынын көрсету үшін оның $K(t, \tau)$ ядросына бағалау жүргізілді.

Лемма 6. Регуляризацияланған теңдеудің ядросына келесі бағалау беріледі:

$$|K(t, \tau)| \leq C_1(\omega, \beta, \gamma) \cdot \left(\frac{t}{\tau}\right)^{(2\omega-1)(1-\beta+\varepsilon)} \cdot \frac{B(2\varepsilon\omega, 1 - \varepsilon)}{(t - \tau)^\varepsilon \cdot \tau^{1-2\varepsilon\omega}}.$$

мұнда $B(a, b)$ – Бета функция, $0 < \varepsilon < \beta$, $0 < \beta < \frac{1}{2}$.

Ескерту 9. (0.29) қатынасынан

$$\mu_1(t) - \int_0^t \left\{ \sum_{i=1}^3 N_{i\omega}(t, \tau) \right\} \mu_1(\tau) d\tau = 0$$

біртекті теңдеуі келесі біртекті теңдеуге тең:

$$\mathbb{K}_r \mu_1 = \mu_1(t) - \int_0^t K(t, \tau) \mu_1(\tau) d\tau = C\mu_{1h}^{(0)}(t),$$

оның әрбір C үшін жалғыз шешімі болады, оны $\tilde{\mu}_1^{(0)}(t)$ деп белгілейік.

Осылайша, келесі теореманың дұрыстығы дәлелденді.

Теорема 4. $0 < \beta < \frac{1}{2}$ болғанда (0.29) біртекті емес интегралдық теңдеудің жалпы шешімі төмендегі функция болады:

$$\mu_1(t) = [\mathbb{K}_r]^{-1} f(t) + C \cdot \tilde{\mu}_1^{(0)}(t), \quad C = \text{const},$$

мұнда

$$\mu_1(t) \in M(0, +\infty), \quad M(0, +\infty) = L_\infty(0, +\infty) \cap C(0, +\infty).$$

Ал $\frac{1}{2} < \beta < 1$ болғанда оның жалғыз шешімі бар, яғни $C = 0$. Осылайша, (0.30)-ні ескере отырып,

$$t^{-\alpha+\omega(1-\beta)} \cdot e^{\frac{(2\omega-1)t^{2\omega-1}}{4a^2}} \cdot \mu(t) \in L_\infty(0, \infty)$$

функциялар класында (0.25) бастапқы интегралдық теңдеуінің шешімі табылды.

Екінші бөлімнің негізгі нәтижесін тұжырымдайық.

Теорема 5. Айталық $g_1(t) \in M(0, +\infty)$, $t^{\omega(1-\beta)}g_2(t) \in M(0, +\infty)$, $M(0, +\infty) = L_\infty(0, +\infty) \cap C(0, +\infty)$ шарттары орындалады делік, онда (0.21)-(0.23) шеттік есебінің шешімі

$$u(r, t) = \int_0^t \frac{\partial G(r, \xi, t - \tau)}{\partial \xi} \Big|_{\xi=\tau^\omega} \mu(\tau) d\tau + \int_0^t \frac{\partial G(r, \xi, t - \tau)}{\partial \xi} \Big|_{\xi=0} v(\tau) d\tau,$$

мұнда

$$G(r, \xi, t - \tau) = \frac{1}{2a^2} \cdot \frac{r^\beta \cdot \xi^{1-\beta}}{t - \tau} \cdot \exp \left[-\frac{r^2 + \xi^2}{4a^2(t - \tau)} \right] \cdot I_\beta \left(\frac{r\xi}{2a^2(t - \tau)} \right),$$

$$v(t) = 2a^2\beta g_1(t),$$

ал $\mu(t)$ келесі псевдо-Вольтерра интегралдық теңдеуінен анықталады:

$$\mu(t) - \int_0^t N(t, \tau)\mu(\tau) d\tau = f(t), \quad (0.31)$$

мұнда

$$N(t, \tau) = \frac{t^{\omega\beta} \tau^{\omega(1-\beta)} (t^\omega - \tau^\omega)}{2a^2(t - \tau)^2} \exp \left[-\frac{(t^\omega - \tau^\omega)^2}{4a^2(t - \tau)} \right] \exp \left[-\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right]$$

$$\cdot I_\beta \left(\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right) +$$

$$+ \frac{t^{\omega(\beta+1)} \tau^{\omega(1-\beta)}}{2a^2(t - \tau)^2} \exp \left[-\frac{(t^\omega - \tau^\omega)^2}{4a^2(t - \tau)} \right] \exp \left[-\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right] \cdot I_{\beta-1, \beta} \left(\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right) +$$

$$+ \frac{t^{\omega\beta} (1 - 2\beta)}{(t - \tau)\tau^{\omega\beta}} \exp \left[-\frac{(t^\omega - \tau^\omega)^2}{4a^2(t - \tau)} \right] \exp \left[-\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right] \cdot I_\beta \left(\frac{t^\omega \tau^\omega}{2a^2(t - \tau)} \right),$$

$$I_{\beta-1,\beta}(z) = I_{\beta-1}(z) - I_{\beta}(z),$$

$$f(t) = -2a^2 g_2(t) + 2a^2 \widetilde{g}_1(t^\omega, t),$$

$$\widetilde{g}_1(r, t) = \frac{1}{(2a^2)^\beta} \cdot \frac{1}{2^\beta} \cdot \frac{1}{\Gamma(\beta)} \int_0^t \frac{r^{2\beta}}{(t-\tau)^{\beta+1}} \cdot \exp\left[-\frac{r^2}{4a^2(t-\tau)}\right] \cdot g_1(t) d\tau.$$

Алғыс

Диссертация авторы өз зерттеу жұмысын орындауда ерекше кәсіби көзқарас танытып, жан-жақты қолдау көрсеткені және баға жетпес үлес қосқаны үшін ғылыми кеңесші, ф.-м.ғ.д., профессор Рамазанов Мурат Ибраевичке, сондай-ақ қосымша кеңесшілер ф.-м.ғ.д., профессор М.Т. Дженалиевке, PhD Н.К. Гульмановқа шын жүректен терең алғысын білдіреді. Олардың терең білімдері, ғылыми тұрғыдан құнды кеңестері мен жоғары деңгейдегі біліктілігі осы жұмыстың сәтті жүзеге асуына берік негіз болды. Әсіресе, зерттеу мақсатын нақты қоюда, жұмыстың құрылымын қалыптастыруда және әдістемесін таңдаудағы жетекші рөлін ерекше атап өткім келеді.

Сондай-ақ, зерттеу жұмысының сапасына елеулі әсер еткен ерекше бағыт-бағдары мен құнды ұсыныстары үшін ф.-м.ғ.д., профессор Псху Арсен Владимировичке алғыс білдіремін. Әсіресе, Нальчик қаласындағы ғылыми тағылымдама барысында көрсеткен кәсіби қолдауы үшін ризашылығымды білдіремін.

Диссертациялық жұмыс академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің математикалық талдау және дифференциалдық теңдеулер кафедрасында орындалды.

1 БҰРЫШТЫҚ ЖОЙЫЛАТЫН ОБЛЫСТАҒЫ МОДЕЛЬДІК ЕКІ ӨЛШЕМДІ ПАРАБОЛАЛЫҚ ЕСЕП

Берілген бөлімде шекарасы уақыттың өзгеруімен жаңаратын және есептің шешімінің облысы уақыттың бастапқы сәтінде болмайтын, яғни нүктеде жойылатын жылу өткізгіштіктің шеттік есептері зерттеледі. Берілген есепті шешу үшін жылу потенциалдары әдісі қолданылады, бұл оны екінші текті сингулярлық Вольтерр типті интегралдық теңдеуге келтіруге мүмкіндік береді. Алынған интегралдық теңдеудің ерекшелігі – ол классикалық Вольтерр типті интегралдық теңдеулерінен түбегейлі ерекшеленеді, өйткені оған Пикар әдісі қолданылмайды және сәйкес біртекті интегралдық теңдеудің нөлдік емес шешімі бар.

Қарастырылатын есеп модельдік деп аталады, себебі есептің шешімі ізделетін аймақтың шекарасы $x = t$ сызықтық заңына сәйкес қозғалатын жағдай зерттеледі.

1.1 Есептің қойылымы

Бүйір беті $\Gamma = \{(x, y, t) | \sqrt{x^2 + y^2} = t, t > 0\}$ болатын $Q = \{(x, y, t) | \sqrt{x^2 + y^2} < t, t > 0\}$ конусындағы кеңістіктік айнымалылар бойынша екі өлшемді шеттік есеп қарастырылады:

$$\frac{\partial u}{\partial t} = a^2 \left(\frac{\partial^2 u}{\partial x^2} + \frac{\partial^2 u}{\partial y^2} \right) - a^2 \beta \left(\frac{1}{x} \cdot \frac{\partial u}{\partial x} + \frac{1}{y} \cdot \frac{\partial u}{\partial y} \right), \quad (1.1.1)$$

$$u(x, y, t)|_{\Gamma} = g(x, y, t), \quad (1.1.2)$$

мұнда $0 < \beta < 1$, $g(x, y, t)$ – берілген функция. Q облысындағы (1.1.1) теңдеуді және (1.1.2) шеттік шартты қанағаттандыратын $u(x, y, t)$ функциясын табу керек.

Уақытқа байланысты өзгеретін және нүктеде жойылатын облыстарда осындай шеттік есептер мысалға келесі жағдайларда пайда болады: қозғалыс жылдамдығы координаттардың функциясы болып табылатын қозғалмалы ортадағы жылу беру процесін сипаттағанда; жоғары тоқты ажыратқыш аппараттардың электр доғасындағы жылу-физикалық процестерді математикалық модельдеу кезінде, бұл жағдайда катод аймағындағы доғаның осьтік қимасының байланыс нүктесіне тартылу әсері ескеріледі. Олар металлургияда, кристалдар өндірісінде, лазерлік технологияларда және т.б. жаңа технологияларды құруда да өзекті.

(1.1.1)-(1.1.2) есебінде цилиндрлік координаттарға ауысамыз.

$$\begin{cases} x = r \cos \varphi, \\ y = r \sin \varphi \end{cases} \Rightarrow \sqrt{x^2 + y^2} = \sqrt{r^2 \cos^2 \varphi + r^2 \sin^2 \varphi} = r;$$

$$\frac{\partial u(x, y, t)}{\partial t} = \frac{\partial u(r, t)}{\partial t}.$$

